

## **Баршын ауылдық округі Қарақасқа ауылындағы көшелерді қайта атау туралы**

Қарағанды облысы Нұра ауданы Баршын ауылының әкімінің 2018 жылғы 22 қаңтардағы № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 9 ақпанда № 4604 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына және Қарағанды облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 4 шілдедегі қорытындысына сәйкес , Нұра ауданы Баршын ауылының әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Нұра ауданы Баршын ауылдық округі Қарақасқа ауылының көшелері:
  - 1) Мира көшесі Бейбітшілік көшесіне;
  - 2) Селикатная көшесі Тәуелсіздік көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауыл әкімі*

*З. Муханалиева*